

Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

Жинақ	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
ISBN	978-601-262-638-4
Секция	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.I. Тұрақты даму жағдайында экономика, қаржы және менеджмент салаларының цифрлық трансформациясы / Цифровая трансформация сфер экономики, финансов и менеджмента в условиях устойчивого развития
Жинақтағы рет нөмірі	№ 003
Мазмұндағы беті	13
Жарияланған беттері	13-16
Автор(лар)	Аухадиев Мейрамбек Гизатович
Мақала атауы	АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУ ТУРАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ
Мазмұндағы жазылуы	Аухадиев М.Г., Сабирова Р.К. АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУ ТУРАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

**«АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУ ТУРАСЫ АРҚЫЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК
ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ»**

Аухадиев Мейрамбек Гизатович

m.auhadyiev@asu.edu.kz

«Экономика мен басқарудағы бизнес аналитика»

білім бағдарламасының 1-курс магистранты

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., профессор – Сабинова Р.К.

Азық-түлік қауіпсіздігі кез келген мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі. Қазіргі жаһандану жағдайында халықты сапалы және жеткілікті деңгейде азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі ерекше өзекті мәселе болып табылады. Осы орайда агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы негізгі рөл атқарады, өйткені ол елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты секторлардың бірі болып табылады.

Аграрлық сектордың тиімді жұмыс істеуі, ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұрақты өндірісі мен олардың қолжетімділігі қазіргі жағдайда басты міндет болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ғылыми-техникалық прогресс пен алдыңғы қатарлы тәжірибені қолдануға негізделген агротехникалық, өндіріс және басқару саласындағы инновациялар болуы қажет, осы бастамаларды ауыл шаруашылығы және азық-түлікпен қамтамасыз етуде қолдану қажет.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі – жоғары инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Ауыл шаруашылығында заманауи агротехнологияларды, автоматтандыру жүйелерін қолдану еңбек өнімділігін арттыруға және өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №960 «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын беткіту туралы» қаулысы қабылданды. Тұжырымдамадағы негізгі индикаторлар 2030 жылы меншікті өндірістің негізгі азық-түлік тауарларымен өзін-өзі қамтамасыз ету: алма 100%, шұжық өнімдері 100%, ірімшікпен пен сүзбе -100%, қант – 83%, құс еті 100%, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін 2020 жылмен салыстырғанда 3 есеге арттыру, азық-түлік тауарларымен (оның ішінде әлеуметтік маңызы бар) қамтамасыз етілу деңгейі кемінде 90%, агроөнеркәсіптік кешендегі өңделген өнімнің үлесі (сүт, ет, майлы дақылдар күріш, жүгері, қарақұмық) 70%-ға дейін, сондай-ақ 2030 жылы агроөнеркәсіптік кешен экспортының жалпы көлеміндегі өңделген өнімдердің үлесі – 70%, агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын 2020 жылмен салыстырғанда 3,5 есеге ұлғайту көзделген [1].

Қазіргі уақытта әлемде органикалық өнім өндірісі қарқынды дамуда. Органикалық өнімге тұрақты түрде сұраныс артып келеді. Ішкі нарықты дамыту арқылы органикалық өнімдерді дамыту саласы – аграрлық секторды дамытудың басымды бағыттарының бірі. Химиялық тыңайтқыштарсыз, пестицидтерсіз және генетикалық модификацияланған организмдерді қолданбай өндіру – басты талаптардың бірі. Елімізде де органикалық өнім өндіру табиғи-климаттық жағдайының қолайлығы арқасында дамытуға үлкен әлеуетке ие [2].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде логистика мен инфрақұрылымды дамыту да ерекше рөл атқарады. Өнімді сақтау, тасымалдау және өткізу желілерін жетілдіру арқылы өнімнің ысырап болуын азайтуға және сапасын сақтауға қол жеткізіледі. Бұл жұмыстар өз кезегінде ішкі нарықтағы баға тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етумен қатар, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау аграрлық саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Ауыл шаруашылығы субъектілерінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету, олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру және саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын

экономикалық, қаржылық және ұйымдастырушылық шаралары шаруашылық құрылымдарына елеулі әсер етуде. Соңғы жылдары, мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың арқасында агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының оң серпіні байқалады, ауыл шаруашылығы өнімін және оның өңделген өнімдерін көлемі артуда, құрал-жабдықтармен және заманауи жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасымен жарақтандырылуы артуда. Қазіргі кезде субсидия алу үшін барлық бизнес-процестер автоматтандырылып, қызмет көрсетілуде. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары тиімді және мақсатты болған жағдайда ғана ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі артып, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізіледі.

Қазіргі жаһандану жағдайында халық санының өсуі, климаттық өзгерістер, табиғи ресурстардың шектеулілігі ауыл шаруашылығы өндірісіне жаңа талаптар қояды. Осыған орай, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жаңа технологиялар мен инновацияларды қолдану маңызды бағыттардың бірі.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін отандық және шетелдік жетістіктерді зерделеп, өндіріске енгізу мүмкіндіктерін анықтап қолдану қажет.

Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мемлекеттік экономикалық саясаттың бірі болуы қажет. Қазіргі заманғы жабдықтар мен жаңа технологиялардың, қаржылық ресурстардың, агроөнеркәсіптік кешеннің дамуын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруды айтарлықтай қиындатуға әкеледі (кесте 1).

Өндірісіке инновацияларды енгізу жүйесін дамыту үшін ғылым мен инновацияны дамыту саласында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру қажет.

Инновациялық тәсілдерді іске асыру үшін жергілікті бюджет қаражаттарын пайдалану мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

Жаңа технологияларды енгізу ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағыттары және олардың азық-түлік қауіпсіздігіне әсері

№	Бағыттар	Негізгі шаралар	Күтілетін нәтиже
1	Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау	Субсидиялар бөлу, жеңілдетілген несие беру	Өндіріс көлемі артады, фермерлердің әл-ауқаты жақсарады.
2	Ғылыми зерттеулерді қолдау	Агрономия, селекция саласында зерттеулер жүргізу	Сапалы және өнімділігі жоғары дақылдар пайда болады.
3	Заманауи технологияларды енгізу	Су үнемдеу технологиялары, цифрландыру, инновацияларды енгізу	Өнімділік өседі, шығын азаяды.
4	Азық-түлік өндірісін әртараптандыру	Мал шаруашылығы мен егіншілікті қатар дамыту	Ішкі нарықтағы өнім түрлері көбейеді.
5	Логистика мен инфрақұрылымды дамыту	Қоймалар, тасымалдау жүйелері, жол сапасын жақсарту	Өнімнің ысырап болмауы азайып, қол жетімділігі артады
6	Экспортты даму әлеуетін арттыру	Халықаралық нарықтарға шығу	Табыс көлемі артып, ел экономикасына пайда түседі.
7	Кадр даярлау	Ауыл шаруашылығы мамандарын оқыту	Білікті еңбек ресурстары қалыптасады

Ескерту: [3] дереккөзден алынды.

Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру инвестициялық белсенділікті күшейтумен тікелей байланысты. Агроөнеркәсіптік кешенде жаңа технологиялар мен заманауи қондырғыларды енгізу айтарлықтай қаржылық шығындарды жұмсауды талап етеді. Осыған орай мемлекет тарапынан инвестициялық салымдар кезінде кеткен шығындарды өтеуді субсидиялау маңызды қолдау тетігі. Инвестициялық субсидиялар - ауыл шаруашылығы субъектілерінің ауыл шаруашылығы техникаларына, құрал-жабдықтарға жұмсаған шығындарының бір бөлігін мемлекет тарапынан өтеу.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тамақ өнімдерін өндіру көлемін арттыруға, импортқа тәуелділікті қысқартуға және өңделген өнімдер экспортын арттыруға саланы дамыту бойынша кешенді тәсілдерді қолдану қажет. Қолжетімді несиелер беру мен негізгі және айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы өндірістің рентабельділігін арттыру, жаңа нарықтарды ашу арқылы қайта өңдеу өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру.

Агроөнеркәсіптік кешен салаларын техникалық жарактандыруды сапалы арттыру, ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтау, ғылыми қамтамасыз етуді және инновациялық әзірлемелерді күшейту, нақты сектордың қажеттіліктеріне сәйкес кадрлық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін қабылдау арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыру қажет. Ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік жүйелерін, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сақтау жүйесін дамытуды, агроөнеркәсіптік кешеннің қаржылық және сақтандыру инфрақұрылымын дамытуды қамтитын агроөнеркәсіп кешенінің заманауи инфрақұрылымын дамыту.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту импортқа тәуелділікті төмендетуге ықпал етері сөзсіз. Өнімдерді еліміздің ішінде өңдеу импортқа қажеттілігімізді азайтып, отандық өнім өндірісін бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қол жеткізуге ықпал етеді.

Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес, агроөнеркәсіптік экспортта терең өңделген өнімдердің үлесін 70 пайызға дейін жеткізу маңызды стратегиялық мақсат ретінде қойылған. Мақсат шикізатты шетелге сатудан дайын өнім өндіруге көшуді, жаңа технологияларды енгізу және өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру көзделіп отыр. Бұл бағыт шикізат экспортынан өңделген өнімге көшу арқылы импортқа тәуелділік азаюына қол жеткізіледі. Тапсырма аясында ірі инвестициялық жобалар қолға алынып, ауыл халқының тұрмыс жағдайын жақсартуға тікелей әсер етеді.

Нарықтық қатынастардың қазіргі даму жағдайында нарықтық қатынастардың әрбір субъектісі кез-келген бәсекелестік артықшылық негізінде бәсекеге қабілеттікке жетуге жұмыстануы қажет. Дамыған шет елдерде кеңінен таралған кластерлік тәсілді қолдану қажет. Ауыл шаруашылығында кластерді дамыту – өте тиімді бағыт, себебі ол өндірістен бастап өңдеу мен сатуға дейінгі барлық тізбекті біріктіреді.

Кластер деп, белгілі бір аймақта орналасқан және бір-бірінің бәсекеге қабілеттігіне үлес қосатын кәсіпорындардың, логистика және ғылыми ұйымдармен бір жүйеде жұмыс істеуін айтамыз.

Кластердің басты мақсаты – өндіріс тиімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту және нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті күшейту болып табылады. Нарықта айтарлықтай жоғары деңгейге жеткен, жеткізушілерге қатаң талаптар қоятын, осындай бас компания оларды жеткізілетін шикізатты арттыруға мәжбүрлейді. Одан әрі технологиялық тізбекте басты компанияның жоғары сапалы өнімдерін байланысты салалардағы компаниялар пайдалана алады және олардың бәсекеге қабілеттілігінің негізі бола алады. Нәтижесінде бәсекеге қабілеттілік компанияның тікелей ортасында таралады, жеткізуші компаниялар да, негізгі компания пайдасына бірдей технологиялық тізбекте тұрған тұтынушы компаниялар да пайда болады.

Тізбектің арқасында бәсекелестер күшті қарсыласпен күресуде тәжірибе жинақтайды және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылады. Нәтижесінде бір елде немесе бір аймақта бәсекеге қабілетті өндірушілер, жеткізушілер, тұтынушылар, бәсекелестер тобы құрылып, бұл белгілі бір саладағы ең білікті кадрлардың, алдыңғы қатарлы технологиялардың және кәсіби

дағдылардың шоғырлануына ықпалын тигізеді. Осы ретпен салада кластердің қалыптасуы еліміздің экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар, өйткені кластер тізбектің бойындағы басқа салалардың дамуын ынталандыратын ішкі өсуді қамтиды. Агроөнеркәсіптік кластердің қалыптасуы ауыл шаруашылығын тиімді дамытудың маңызды құралы. Кластерлік тәсіл өндіріс пен өңдеуді біріктіріп, экономикалық тиімділікті арттырады. Болашақта елімізде агроөнеркәсіптік кластерлерді дамыту экономиканың тұрақты өсуіне ықпал ететін негізгі бағыттардың бірі болмақ [4].

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылық өндірісін мамандандыру мәселелерін шешу үшін түрлі инновациялық және ұйымдастырушылық тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік бар. Бұл ретте, әсіресе, өңірлік мамандану принципін енгізуге мүмкіндік береді. Солтүстік Қазақстанда – астық пен сүт өндірісін, Оңтүстік өңірлерде -жеміс-көкөніс және көкөніс шаруашылығын дамыту, Осындай тәсіл арқылы ресурстар тиімді пайдаланылады, өндіріс шығындары азаяды және өнімнің бәскеге қабілеттілігі артады.

Қорытындылай келе, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі болып табылады. Осы бағытта ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау, инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады. Тек осы шараларды кешенді түрде жүзеге асыру арқылы егеменді еліміз өзінің азық-түлік қауіпсіздігін нығайта алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №960 қаулысы
2. Нұрпейісов С. Ауыл шаруашылығы экономикасы. – Алматы: Экономика, 2020.
3. Қожахметов Ә. Агробизнес негіздері. – Алматы, 2019.
4. Дюсегалиев М.Ж., Дюсегалиева Б.М. Экономиканың инновациялық дамуы. – Атырау, 2023.